

*The significance of Akhmet Baitursynov's scientific works in the science of Kazakh linguistics and literary studies, methods of their teaching is considered. The methodological ideas expressed by Baitursynov in the first quarter of the 20th century are valuable in their relevance in the updated content of education in the 21st century. The problems of the viability of Baitursynov's ideas, which are closely connected with national spirituality, are studied in detail. The analysis shows that the basis of new teaching technologies, which are widely used in accordance with modern requirements, is laid down in Baitursynov's works of the early 20th century. It is proved that Baitursynov's methodological conclusions and techniques correspond to the requirements of modern teaching. For the first time, Baitursynov's works on literacy textbooks and teaching methods are classified. The laws and principles of methodology in his works revealed.*

*Key words: methodological thought, educational technologies, national spirituality, textbooks, evaluation*

Received: 13.03.2022

FTAХР 14.09.03

**Н.К. Смагулова**

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

### **А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫ**

*Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану, оны оқыту әдістемесі ғылымында Ахмет Байтұрсынұовтың ғылыми еңбектерінің маңызы қарастырылды. Ахмет Байтұрсынұовтың XX ғасырдың алғашқы ширегінде айтқан әдістемелік ой пікірлерінің XXI ғасырдағы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруде өзінің өзектілігімен құнды екені сараланды. Ғалым ой-пікірлерінің ұлттық руханиятпен тығыз байланыстылығымен алға шыққаны, өміршеңдігі мәселелері жан-жақты зерделенді. Бүгінгі заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі XX ғасыр басындағы А.Байтұрсынұовтың еңбектерінен бастау алатыны талданды. Ғалымның әдістемелік ой тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқыту талабымен үндесетіндігі дәлелденді. А.Байтұрсынұовтың XX ғасырдың басында алғаш рет сауат ашу оқулықтары, оқыту әдістемесі туралы жазған ғылыми еңбектері жіктелді. Ғалымның ғылыми еңбектеріндегі әдістеме заңдылықтары мен ұстанымдары ашылды.*

*Кілт сөздер: әдістемелік ой-пікірлер, оқыту технологиялары, ұлттық руханият, оқулықтар, бағалау.*

### **КІРІСПЕ**

XX ғасырдың басы – қазақ ғылымының өсіп-өркендеп, өзіне дейінгі және өз заманындағы оқу-ағарту мәселелеріне қатысты ілім мен білімді игере отырып, алға қадам басқан кезеңі. Осы тұста ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен алаш ағартушыларының тұлғасы жарқырай көрінді. Олардың қоғам қайраткерлігі, ақындығы мен жазушылығы өз алдына бір сала болса, енді бір сала әдістемелік мұралары ұрпақты оқыту жолындағы жанкешті еңбектері еді.

Ахмет Байтұрсынұовтың XX ғасырдың алғашқы ширегінде айтқан әдістемелік ой пікірлерінің XXI ғасырдағы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруде өзінің өзектілігімен, ұлттық руханиятпен тығыз байланыстылығымен алға шыққаны, өміршеңдігі мәселелері мақаланың басты зерттеу нысанына алынып отыр.

Осы мақсатқа жету үшін болашақ кәсіби мамандарды бәсекеге қабілетті, ұлттық бірегейлікті сақтайтын, сана-сезімі жоғары, рухани танымы жетілген жеке тұлға етіп қалыптастыру үшін ХХ ғасыр басындағы әдістемелік еңбектер мен ұлт зиялыларының педагогикалық мұрасын терең әрі жан-жақты зерттеудің, оқу-тәрбие үрдісіне енгізу қажеттілігін шешу міндеттері алға қойылды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ХХ ғасырдың басы қазақ ғылым тілінің қалыптасуындағы, білім беру жүйесіндегі ерекше кезең еді. Бұл ерекшелік қазақ ұлты балаларының сауатын ашу мақсатында қазақ оқығандары ғылымның әр саласынан оқулықтар жазуында. А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Қ.Кемеңгеров, Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Х.Басымов, Т.Шонанов, С.Қожанов сынды қазақ зиялылары ХХ ғасыр басында мектептерге, жоғары оқу орындарына арнап оқу-әдістемелік құралдар, оқу құралдары мен оқулықтар, екі тілді сөздіктер құрастыруға, терминология мен емле мәселелерін реттестіруге, пән атауларын бір ізге түсіріп, білім беру жүйесін қалыптастырып және ғылыми негізін жасап берді. Алаш зиялылары, ағартушылары төл тілімізде оқу құралдар мен оқулықтардың болуы мектептегі оқудың жүйесіне де, мектептің сипатына да сапалы ықпал ететінін жақсы біліп игерді.

Бүгінгі заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі ХХ ғасыр басындағы алаш ағартушыларының еңбектерінен бастау алатынын және әдістемелік ой тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқыту талабымен үндесетінін дәлелдеу, жаңғырту қажет екені даусыз.

А.Байтұрсынов – ХХ ғасырдың басында алғаш рет сауат ашу оқулықтары, оқыту әдістемесі туралы ғылыми еңбек жазған тұңғыш ғалым. Ол әдістеме заңдылықтарын оқулықтар жазуда іс жүзінде қолданған және әдістемені ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым.

Әдебиеттанушы ғалым Ө.Әбдиманұлы: «Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың рухани ұстазы ретіндегі ұлт руханиятына қосқан аса зор үлесі ғылыми ізденістері болып табылады. Туған халқын өркениетке жетелемек ұлы мақсаттарға оқусыз, білімсіз қол жеткізуге болмайтындығы бесенеден белгілі. Ал оқып, білім алу үшін халқымыздың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болуы керек. Ахаң «Алла!» деп ағартудың ақ жолына түскен сәтте мұның көбі жоқ болатын. Оларды жолға қою Аханды бәрінен бұрын ана тіліміздің мәселелерімен айналысуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойғызғанды. Өйткені тіл барлық істің бастауы екендігін, онсыз ешбір білім, ғылымның дамуы мүмкін еместігін ұлы ұстаз жақсы түсінді, жете білді» – деп Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының ағартушылық жолдағы басты мақсатын айқындап көрсетеді [1, 232].

А.Байтұрсыновтың қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар» атты еңбектерін бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған білім мазмұнын оқыту барысында пайдалануға әбден болады. Ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын қалыптастырды. Ғалымның өз пікірінше, тілдің әуелі грамматикалық ілімін жинақтап, содан соң грамматикалық құрылымын зерттеп-зерделеген.

Ахмет Байтұрсынов 1928 жылы жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деп аталатын мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы, жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» [2, 29], – деп білім беру әдісінің мәні мен маңызына ерекше тоқталған. Әдіскер-ғалым А.Байтұрсынұлы оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін, мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

1. Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
2. Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
3. Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру;

4. Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету;

5. Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу;

6. Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану;

7. Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталану, өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.

Ғалым ұсынып отырған қағиданың қай-қайсысы болса да балаға білім беру жүйесінде өз маңызын жойған жоқ. Балаға білім беретін мұғалім үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар болып табылады.

Қазақтың үлкен тілтанушы ғалымы Н.Оралбаева А.Байтұрсынұлын қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым ретінде бағалап: «А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолданылу орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу, келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер етеді» – деп пікір білдірген [3, 568]. Шындығында, А.Байтұрсынов оқулықтары, әдістемелік құралдары сол кезеңдегі оқыту үшін ғана емес, күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Көрнекті ғалым, тілші А.Байтұрсыновтың әдістемелік мұрасының негізін балалардың сөздік қорын, сөйлеу қабілетін дамытатын дидактикалық материалдардан құрайды. Әдіскер-ғалым баланың сөздік қорын молайту мақсатында өте тиімді әдістер қолданған. Ғалым баланы ойната отырып, ойлантатын әдістерді қолдануды назарға алған.

Бұдан біз ғалым еңбектерінде бүгінгі күні оқу үрдісінде қолданылып жүрген көптеген оқыту технологияларының элементтерін көреміз. Тілші-ғалымның педагогикалық ой-тұжырымдарының түпкі нәтижесі білім алушының қатысымдық, танымдық, проблемалардың шешімін табу, ақпараттық күзиреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Ал бұл қазіргі білім беру жүйесінің – басты мақсаттарының бірі.

Бүгінгі жаңашыл деп танылып жүрген оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсыновтың жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз.

Бүгінгі отандық білім беру әдістемесінде жаңартылған білім мазмұнының оқыту әрекетінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының бір стратегиясы – Блум таксономиясына негізделеді.

Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясында сабақтағы тапсырмалар оқу үдерісінде қолданылатын оқу мақсаттарына сәйкес, яғни білу – нақты іс-әрекетті іске асыруға бағытталған білімі мен білігінің болуы, түсіну – іс-әрекет мазмұнының сипатын түсінуі; қолдануы – меңгерілген білімін күнделікті өмірде қолдана алуы, іске асыру әрекеті; анализ – әрекеттерді салыстыра отырып, саралауы; синтез – салыстыра отырып, сараланған әрекеттердің нәтижелік мазмұнын жинақтай алуы; бағалау – сарапталған нәтижені бағалау, өз көзқарасын, пікірін дәлелді жеткізе білуі оқушылардың ойлау әрекетін дамытуға бағытталады.

Ал осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы туралы мәселе А.Байтұрсыновтың еңбектерінен бастау алғанын аңғарамыз. Әдіскер тіл үйретуге: 1) оқу үйрету; 2) жазу үйрету; 3) сөйлеу үйретуді жатқызады. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін төмендегіше жіктеген:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер *жалпылау (синтез)* немесе *жиылыңқы әдіс* теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі *жалқылау (анализ)* немесе *айырыңқы әдіс* деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер *жалқылаулы-жалпылаулы* немесе *айырыңқы-жиылыңқы* деп аталады [3, 48].

Бұдан байқайтынымыз ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды екенін көрсеткен. Бұл категориялар қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда, сабақ әзірлемелерін жасауда басшылыққа алынғаны жөн. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсыновтың бұл еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жайы Ахмет Байтұрсынов есімімен тығыз байланысты. А.Байтұрсынов 1926 жылдың 6 наурызында өткен түрікшілдердің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Тіл білімі ереже жаттату түрінде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын таныту түрінде үйретілу керек. Сөздің тұлға мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» – дейді [4, 406]. Осы тұрғыдан келгенде, ғалымның әрбір тілдік тақырыпты танымдық тұрғыдан оқытылуына мән бергендігі айқын көрінеді. А.Байтұрсынов өз еңбегінде арнайы «функционалдық сауаттылық» терминін сөз етпегенімен, осы бағытта жұмыс жасағанын аңғаруымызға болады.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсыновтың «**Оқу құралында**» кездеседі.

**Мысалы:**

- **Оқылым әрекеті** – буындап оқу, тұтас оқу арқылы;
- **Жазылым әрекеті** – сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы;
- **Айтылым әрекеті** – сұрақтарға жауап беру арқылы;
- **Тыңдалым әрекеті** – жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады [3, 415].

Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетінің еңбегі сіңірген профессоры, филология ғылымдарының докторы Маханбет Джусуповтың: «Тыңдау (тыңдалым – слушание), оқу (оқылым – чтение), жазу (жазылым – письмо) сөйлеу (сөйлесім – говорение). Осы терминдер А.Байтұрсынұлының еңбектерінде тілдесім қызметінің түрлерінің атаулары ретінде көрсетілмеген. Бірақ тіл үйретуге арналған жаттығуларында оқылымға, тыңдалымға, жазылымға, сөйлесімге арналған тапсырмалар үлкен орын алады. (Байтұрсынұлы, 1928; 1992. – 49-89-бб, 1914; 1992, 141-171). Яғни, А.Байтұрсынұлы тіл теориясы деңгейінде тілдесім қызметінің түрлерін арнайы атамағанымен, жалпы ғылыми-әдістемелік концепциясында тыңдалым мен оқылымды, сөйлесім мен жазылымды тілдесім қызметінің жеке түрлері ретінде түсінген. Солардың ерекшеліктеріне бейімделген әдістемелік ізденістер жүргізген. Яғни А.Байтұрсынұлы қазақ тілтанымында және жалпы түркітануда бірінші болып тілдесімді, яғни тілдесімдік қызметті (речь, речевая деятельность) лингвистикалық және әдістемелік мақсатына қарай түр-түрге бөліп анықтаған» деген ғылыми пікірі ойымызды дәлелдей түседі [4,30-31].

Филология ғылымдарының докторы, профессор М. Жолшаева «А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі формативті бағалау ұстанымдарының көрінісі» атты мақаласында А.Байтұрсыновтың әдістемеге қатысты «Тіл жұмсар» еңбегінде баланы оқытудың немесе үйретудің табиғи жолы тәжірибе арқылы білім алатын жол екендігіне баса назар аударғандығына тоқталған. А.Байтұрсыновтың: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны – өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін керек білімін кешікпей керек кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп жүру» [5,15] деген әдістемелік тұжырымын негізге ала отырып, «Мұғалімнің міндеті оқушыға білім беру ғана емес, жоғарыда А.Байтұрсынов атап көрсеткендей, ең бастысы оқушыны мақсатына қарай бағдарлау, оқушының оқу деңгейінің шамасын анықтау, мақсатқа жету жолында оның атқаратын іс-әрекеттерін үйлестіру болып табылады. Яғни ғалымның сөзімен айтқанда, «*балаға жұмысты шағындап*

*беру, тәжірибе арқылы білімді игерту».* Бұл бүгінгі білім беру жүйесіндегі **формативті бағалаудың мақсаттарымен** қабысады» – деген ғалым М.Жолшаеваның пікірі зерттеліп отырған мәселеге қатысты ғылыми тұжырым екені анық [6].

Еліміздегі бүгінгі білім беру жүйесінің қалыптастырушы бағалаудың бірнеше белгісі мен мақсаттары алаш ағартушысы А.Байтұрсыновтың әдістемелік еңбектерінде өткен ғасырдың басында көрініс тапқанын әдіскер-ғалымдардың еңбектері дәйектей түседі.

А.Байтұрсынұлының айтқан ойлары, ол бастаған ғылыми дәстүр қазақ тілі мен әдебиеті әдістемесі ғылымында бір сәткеде үзілген емес, өз үйлесімді сабақтастығын тауып, кейінгі қазақ лингвист, әдебиетші ғалымдардың еңбектерімен өз жалғасын тауып отыр.

Ғылым мен техника дамып, адамзат қоғамы жаңа ғасырдың табалдырығынан аттағалы бері Ахмет Байтұрсыновтың бірінші, білім – ана тілінде берілуі, екіншіден, халықтың сауатты болуы керектігі болуы туралы әлі де көкейкестілігімен құнды екенін уақыт көрсетіп отыр. Ұлт ұстазының еңбектерінің мәні жалпы орта білім беретін дәрежеге қол жеткен қазіргі кезеңде де бұрынғыдан да тереңдей бермек. Себебі, қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оларды оқыту әдістемесі секілді ғылым арналарын жүйелеген, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы екендігіне ешбір талас жоқ. Бұл біздің ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш, қазақ ғылымы үшін үлкен жетістік.

Бүгінде ұстаздар қауымы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен жаһандану кезеңінде жас ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды жойып алмау мақсатында осы айтылған пікірлерді өз тәжірибелерінде өзекті мәселе етіп алса, жаңа заманның шығармашыл, кәсіби деңгейі биік маман екендіктерін дәлелдеп шығар еді.

Әлемдегі бар мемлекеттің өсіп өркендеуінің, кәсіби тұрғыдан бәсекеге қабілетті болуының, жаһандану жағдайында ұлттық құндылықты білім алушылардың бойына сіңірудің ең басты негізі ұстаз берген біліммен бағаланады. Ол үшін Алаш зиялыларының бізге мұра етіп қалдырған ой-тұжырымын басшылыққа алып, бүгінгі заман талабына үйлестіре, шығармашылықпен еңбек ету қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Түркі әлемінің ойшылы Жүсіп Баласағұнның: «Білім – адам баласының ортақ қазынасы» деген терең пікіріне зер салып, ой түйсек терең мән бар. Бүкіл адамзат баласының ғылымды игеріп, жаңалықтар ашып, әлемнің жұмбақ сырларын ашқаннан бері де талай ғасыр өтті. Бүгінде біз, ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттың молдығы сондай, қабылдау мен түйсінудің өзі адам баласына көп күш түсіруде. Ал осындай заманның жас өскінін қалай оқытамыз, халық даналығына бой салсақ, «жақсыға үйретеміз, жаманнан жирендіреміз». Бұл бүгінгі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен міндет.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбдиманұлы Ө. Шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 400 б.
- 2 Қай әдіс жақсы. А.Байтұрсынұлы. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу /Құрастырған. Р.Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 3 Оралбаева Н. А.Байтұрсынұлы – тұңғыш әдістемеші ғалым. Ұлттық рухтың – ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
- 3 АХМЕТ ОҚУЛАРЫ – 2020 (тілтанымдық дәріс циклі мен ғылыми-практикалық семинар материалдарының жинағы). – Алматы: «Принт-Экспресс» баспасы, 2020. – 124 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 5 Жолшаева М. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі формативті бағалау ұстанымдарының көрінісі. // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – 2017 жыл, № 3.

Материал 13.03.2022 баспаға түсті

## REFERENCES

- 1 Äbdimanұly Ö. Şyğarmalar jınaғы. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2016. – 400 b.
- 2 Qai ädis jaqsy. A.Baitürsynұly. Aq jol: Öleñder men tärjimeler, publ.maqalalar jāne ädebi zertteu /Qūrastyrğan. R.Nūrğali. –Almaty:Jalyn, 1991. – 464 b.
- 3 Oralbaeva N. A.Baitürsynұly – tūñғыş ädistemesi ğalym. Ūlttyq ruhtyñ –ūly tını. Ğylymi maqalalar jınaғы.-Almaty: Ğylym, 199. – 568 b.
- 4 АНМЕТ ОҚЫЛАРЫ – 2020 (tiltanymdyq dāris tsikli men ğylymi-praktikalyq seminar materialdarynyñ jınaғы). – Almaty: «Print-Ekspress» baspasy, 2020. – 124 b.
- 5 Baitürsynұly A. Tıl taғыlymy (qazaq tılı men oqu-ağartuğa qatysty eñbekteri). – Almaty:Ana tılı, 1992. – 448 b.
- 6 Jolşaeva M. A.Baitürsynұly eñbekterindegi formativtı bağalau ūstanymdarynyñ körinisi. // Qazaq bilim akademiasynyñ baiandamalary. – 2017 jyl, №3.

### **Методические принципы Б. Байтурсынова**

Н.К. Смагулова

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*Рассмотрены значение научных трудов Ахмета Байтурсынова в науке казахского языкознания и литературоведения, методики его преподавания. Проанализирована актуальность методической мысли Ахмета Байтурсынова в первой четверти XX века в обновленном содержании образования XXI века. Вопросы актуальности, выдвинуты ученым в тесной связи его мыслей с национальной духовностью. Анализируется, что в основе новых технологий обучения, нашедших широкое применение в современных условиях, лежат труды А. Байтурсынова начала XX века. Доказано, что методологические умозаключения и приемы ученого созвучны современным требованиям обучения. Классифицированы научные труды А. Байтурсынова о учебниках грамотности, методике преподавания. Раскрыты закономерности и принципы методологии в научных трудах ученого.*

*Ключевые слова: методическая мысль, технологии обучения, национальная духовность, учебники, оценка.*

Материал поступил в редакцию журнала 13.03.2022

### **Methodological principles of A. Baitursynov**

N.K. Smagulova

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The importance of Akhmet Baitursynov's scientific works in the science of Kazakh linguistics and literary studies, methods of its teaching was considered. It was noted that the methodological ideas expressed by Akhmet Baitursynov in the first quarter of the XX century are valuable in their relevance in the education of the updated content of education in the XXI century. The problems of the viability of the scientist's ideas, which are closely connected with national spirituality, were studied in detail. It was analyzed that the basis of new teaching technologies, which are widely used in accordance with modern requirements, comes from the works of A. Baitursynov at the beginning of the XX century. It is proved that the conclusions and methods of methodological thought of the scientist correspond to the requirements of modern teaching. For the first time at the beginning of the XX century, A. Baitursynov's scientific works on literacy textbooks and teaching methods were classified. The laws and principles of methodology in the scientific works of the scientist are revealed.*

*Key words: methodological considerations, educational technologies, national spirituality, textbooks, assessment.*

Received: 13.03.2022